

Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 мамырда № 18657 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Кешенді тестілеуді өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ф.Н. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 8 мамырдағы
№ 190 бұйрығы

Кешенді тестілеуді өткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кешенді тестілеуді өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 12) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді және кешенді тестілеуді (бұдан әрі - КТ) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ахуалдық орталық – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымда орналастырылған, онлайн режимде КТ өткізу процесін байқау үшін коммуникация құралдарымен жарақтандырылған зал;

2) жауап парағы – түсуші тест тапсырмаларының жауаптарын белгілейтін кешенді тестілеу нәтижелерін бағалауға арналған арнайы бланк;

3) жауап парақтарының көшірмесі – тестілеу нәтижелерін бағалауға арналған құжат болып табылмайтын, кешенді тестілеуден кейін балдарды өз бетінше санауға арналған бланк;

4) желілік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымдары – кешенді тестілеуге құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейін білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ);

5) желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясы – кешенді тестілеуге түсушілерден құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ жанындағы комиссия;

6) кешенді тестілеу – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны;

7) электрондық форматтағы КТ – әрбір тестіленуші үшін дербес компьютерді пайдалану жолымен өткізілетін тестілеу;

8) қағаз форматындағы КТ – тестіленушіге сұрақ-кітапшасын және жауап парағын беру жолымен жүргізілетін тестілеу;

9) кешенді тестілеу өткізу пункттері (бұдан әрі – КТӨП) – КТ өткізуді жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ;

10) КТӨП қабылдау комиссиясы – КТ өткізуді жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ жанындағы комиссия;

11) нұсқаларды тарату парағы – кітапша нұсқасының аудиториядағы белгілі бір орын нөміріне бекітілгендігі туралы ақпаратты қамтитын парақ;

12) отырғызу парағы – түсушілерді аудиториядағы орындар бойынша бөлу парағы;

13) онлайн апелляция – электрондық форматта КТ өткізген кезде тестілеу аяқталғаннан кейін 30 (отыз) минут ішінде апелляцияға өтініш беру;

14) шекті балл – республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға немесе ақылы негізде оқуға түсуге

рұқсат беретін Үлгілік қағидалармен белгіленген тестілеудің әр бөлімі немесе пәндері бойынша балдардың минималды жиынтығы;

15) электрондық сертификат – Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жарияланатын КТ балдарын ресми растайтын үміткердің бірегей деректері бар электрондық құжат (бұдан әрі – сертификат);

16) тестілеу әкімшілері – КТӨП-те КТ өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырушылар және аудитория мен дәліз бойынша кезекшінің функцияларын орындайды;

17) тіркеу файлы (лог) - хронологиялық тәртіпте тестіленушінің әрекеттері туралы жазбалар бар файл.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. КТ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар үшін өткізіледі

2-тарау. КТ өткізу тәртібі

1-параграф. КТ-ға қатысу үшін құжаттарды қабылдау

4. Қағаз форматтағы КТ-ға қатысу үшін түсуші желілік ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) 3x4 сантиметр өлшемді екі фотосурет;

5) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075-У нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық құжаттама (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық);

6) тестілеуге қатысу үшін ақы төлегені туралы түбіртек.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Құжаттарды салыстыру түсушінің қатысуымен жүргізіледі. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқа қайтарылады.

КТ-ға қатысу үшін өтініш берген үміткерлерге ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы құжаттардың қабылдануы туралы қолхат (еркін нысанда) беріледі.

Электрондық форматта КТ-ға қатысу үшін түсуші Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы өтініш тапсырады.

Қағаз немесе электрондық форматта КТ-ға қатысу үшін көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектер қажет болған жағдайда " Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген мүгедектік туралы анықтаманы ұсынған кезде Ұлттық тестілеу орталығы директорының атына:

1) көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектер үшін КТ шеңберінде тапсырылатын пәндердің оқытушысы болып табылмайтын көмекші және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедектер үшін ымдау тілін білетін маманға;

2) тестілеу тапсыру үшін қосымша уақыт алу қажеттілігі туралы еркін нысандағы қосымша өтінішті бере алады.

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына осы тармақтың 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. КТ-ге қатысу үшін өтініштерді қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 15 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 1 қарашадан 18 қарашаға дейін.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. КТ өткізу процесі

7. КТ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын КТӨП базасында немесе ұйымдарда қағаз немесе электрондық форматта жүргізіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Қағаз форматтағы КТ өткізу кезінде ЖЖОКБҰ және желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясының құрамын ЖЖОКБҰ басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

Желілік ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының функциялары:

1) оқуға түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының таңдап алынатын тобының мәселелері бойынша консультация беру, КТ рәсімдерімен таныстыру;

2) құжаттарды қабылдауды және тексеруді ұйымдастыру;

3) оқуға түсушілерге КТ форматы және жауап парағын толтыру жөнінде консультация беру;

4) тестілеуге рұқсаттамаларды беруді қамтамасыз ету.

ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының функциялары:

1) желілік ЖЖОКБҰ-ның техникалық хатшылары мен жауапты хатшыларына консультация беруді ұйымдастыру;

2) оқуға түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының таңдап алынатын тобының мәселелері бойынша консультация беру, КТ рәсімдерімен таныстыру;

3) оқуға түсушілерге жауап парағын дұрыс толтыру бойынша консультация беру;

4) құжаттарды қабылдауды және тексеруді ұйымдастыру;

5) КТ өткізу үшін аудиторлық қорды қалыптастыру;

6) КТ-ге арналған техникалық жабдықтың жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

7) желілік ЖЖОКБҰ-ның жауапты хатшысына КТ-ге рұқсаттама беруді ұйымдастыру.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. КТ-ны қағаз және (немесе) электрондық форматта өткізу үшін жергілікті жерлерде КТ-ны ұйымдастыру және өткізу жөніндегі өңірлік мемлекеттік комиссиялар құрылады, оларды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8.2. Өңірлік мемлекеттік комиссияның төрағалары болып КТ ұйымдастыру мен өткізуді, сондай-ақ ұтқыр және радиоэлектрондық байланыс пен бейнебақылау сигналдарын беретін металл іздегіштерді, құрылғыларды пайдалануды қамтамасыз ететін ЖЖОКБҰ-ның басшылары тағайындалады.

Ескерту. 8-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым

министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-3. Өңірлік мемлекеттік комиссияның құрамына құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Өңірлік мемлекеттік комиссия мүшелерінің саны бес адамды құрайды.

Қағаз форматтағы КТ өткізу кезінде өңірлік мемлекеттік комиссия:

- 1) КТӨП-те тестілеуді өткізу үшін аудиторлық қорды бекітеді;
- 2) кезекшілердің құрамын және нұсқама өткізуді бекітеді;
- 3) тестілеуге кіру кезінде түсушілерді кіргізуді ұйымдастырады;

4) тестілеуге кіргізу кезінде металл іздегіштерді пайдалануды және қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады;

5) "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы есепке алу және есеп беру құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) 135-қосымшаға сәйкес ұтқыр және радиоэлектрондық байланыс сигналдарын беретін құрылғыларды пайдалануды, сондай-ақ электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасын алуды ұйымдастырады;

6) КТ өткізу кезінде кезекші және медициналық персоналмен жұмысты ұйымдастырады;

7) тестілеу материалдары салынған қапшықтарды ашқанда қатысады

8) түсушілердің тестілеу кезінде шкафтардағы (ұяшықтардағы) жеке заттарының сақталуын қамтамасыз етеді;

9) КТ шеңберінде мүгедектер, оның ішінде көру қабілеті бұзылған мүгедектер, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған мүгедектер үшін тапсырылатын пәндер оқытушылары болып табылмайтын адамдар қатарындағы көмекшінің және (немесе) мүгедектікті белгілеу туралы құжатты көрсеткен кезде есту қабілеті бұзылған мүгедектер мен мүгедектер үшін ымдау тілін меңгерген маманның ұсынылуын ұйымдастырады;

10) тестілеу әкімшілерімен бірлесіп, осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген дәлелді себептер бойынша тестілеуге қатыспаған адамның КТ-ға қатысуы туралы шешім қабылдайды;

11) апелляциялық комиссияның жұмысы үшін жағдай жасайды;

12) бейнебақылау жүргізілетін үй-жайда жойылғанға дейін тестілеуге пайдаланғаннан кейін кітапшалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте, өңірлік мемлекеттік комиссия төрағасы мен мүшелері тестілеу процесіне қатыспайды.

Электрондық форматтағы КТ өткізу кезінде өңірлік мемлекеттік комиссия:

1) тестілеуге кіргізу, сондай-ақ тестілеуді өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді;

2) КТ өткізу кезінде медициналық қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыруды;

3) көру қабілеті, тірек-қозғалыс аппаратының функциялары бұзылған мүгедектер мен мүгедек балалар үшін мүгедектігі туралы белгіленген құжатты көрсеткен жағдайда КТ шеңберінде тапсырылатын пән мұғалімі болып табылмайтын немесе ымдау тілін меңгерген маман беруді ұйымдастыруды.

4) түсушілердің тестілеу кезінде шкафтардағы (ұяшықтардағы) жеке заттарының сақталуын қамтамасыз етеді;

Бұл ретте, өңірлік мемлекеттік комиссия төрағасы мен мүшелері тестілеу процесіне қатыспайды.

Ескерту. 8-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. КТ келесі мерзімдерде өткізіледі:

1) күнтізбелік жылғы 20 шілдеден 10 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. КТ:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін: шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша және оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін: қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

3) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін: ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі (таңдау бойынша) оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

4) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер үшін: шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) тесттен;

5) араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін: білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тілдеріндегі (таңдау бойынша) тесттен тұрады.

Бұл ретте, Үлгілік қағидалардың 14-тармағында көзделген шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттардың біреуі бар тұлғалар магистратураға шет тілі бойынша тестілеуден босатылады.

КТ бейінді пәндері көрсетілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес анықталады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. КТ тест тапсырмаларының саны:

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратура үшін:

1) шет тілі бойынша тест – 50;

2) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

3) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде: бірінші бейіндік пән бойынша – 30, екінші бейіндік пән бойынша – 20;

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін:

1) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде: бірінші бейіндік пән бойынша – 30, екінші бейіндік пән бойынша – 20;

оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін:

1) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша – 50 тест, оның ішінде: бірінші бейіндік пән бойынша – 30, екінші бейіндік пән бойынша – 20;

шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін:

1) шет тілі бойынша тест – 50;

2) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін:

1) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сын тұрғысынан ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде: бірінші бейінді пән бойынша – 30, екінші бейінді пән бойынша – 20.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. КТ бойынша ең жоғары балл саны:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – 150 балл;

2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін – 100 балл;

3) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін – 100 балл;

4) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер үшін – 80 балл;

5) араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 100 балл.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. КТ-ға берілетін уақыт:

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін – 3 сағат 55 минут;

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут;

оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут;

шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 5 минут;

араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. КТ-ға қатысу үшін өтініш берген бірақ рұқсаттамада көрсетілген күні тестілеуге қатыспаған болса, тиісті тест тапсыру тіліне және білім беру бағдарламалары тобының

бейініне сәйкес аудиторияда орын болған жағдайда және келесі дәлелді себептер бойынша КТ-ны өткізу кезеңінде келесі күндердің бірінде қатысу мүмкіндігі беріледі:

1) денсаулық жағдайы бойынша № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген № 026/у нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған жағдайда;

2) тізбесі Кодексте айқындалған жақын туыстарының қайтыс болуын растайтын құжаттар болған кезде;

3) төтенше жағдайлар кезінде.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.02.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16. КТ өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган КТӨП-ке тестілеу әкімшілері, білім беру саласындағы уәкілетті органның, басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволар қызметкерлерінің, азаматтық қоғам институттары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатарынан бақылаушылар жібереді. Тестілеу әкімшілері аудитория және дәліз бойынша кезекшінің қызметін атқарады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. КТ өткізілетін корпустарда тестілеу күндері тестілеу үшін пайдаланылмайтын барлық аудиториялар, кабинеттер, үй-жайлар (санитарлық тораптардан басқа), сондай-ақ түсушілердің кіруі мен шығуы үшін пайдаланылатындардан басқа кіретін есіктер жабылады және мөрленеді. Ғимараттан тыс орналасқан санитарлық тораптан ғимаратқа дейінгі аумақ пен жол бөгде адамдардың кіруіне шектеледі.

18. Ғимаратқа кіргізу және КТ өткізу барысы бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте кіргізу, тестілеуді өткізу процесін бейнебақылау жазбасы, сондай-ақ тестілеуден кейін үй-жайда сақталған пайдаланылған кітапшалар тестілеу аяқталғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде ҰТО-ға беріледі.

Күнтізбелік жылғы 20 шілдеден 10 тамызға дейінгі кезеңде өткізілген КТ аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай бойы ҰТО тестілеу кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеруді жүзеге асырады.

Күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейінгі кезеңде өткізілген КТ аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай бойы ҰТО тестілеу кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеруді жүзеге асырады.

Тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесі бойынша КТ-да Қағидалардың 35, 37 және 47-11-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттардың біреуін пайдаланғандығы анықталған жағдайда ҰТО осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Тестілеу барысында тыйым салынған затты пайдаланғаны және (немесе) әрекеттері немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасағаны туралы акт" жасайды және растайтын материалдарымен бірге білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Тестілеу барысында тыйым салынған заттардың біреуін пайдаланғаны туралы акт растайтын материалдарымен бірге білім беру саласындағы уәкілетті органмен құрылған комиссияның қарауына ұсынылады.

Комиссияның шешімімен тестілеу нәтижелері (КТ балдары), сондай-ақ республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беруге арналған конкурстың нәтижелері (білім беру грантын беру туралы куәлік) білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жойылады.

Тестілеу нәтижелері (КТ балдары) және (немесе) білім беру грантын беру туралы куәлікті жойылғаннан кейін ҰТО түсушілерге жеке кабинеті арқылы хабарлама жібереді.

Түсуші ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Тестілеуге жіберу кезінде қол және рамалы түрдегі металл іздегіштер қолданылады. Тестілеуге жіберу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеуді өткізу кезінде түсушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың ғимаратқа келесі тыйым салынған заттарды алып жүруіне жол бермеу шеңберінде жүзеге асырылады: шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, фотоаппарат, ұялы байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғылары: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект).

Тестілеуге кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде осы тармақта көрсетілген тыйым салынған заттар табылған жағдайда тестілеу әкімшісі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "КТ өткізу пункті ғимаратына кіргізу барысында тыйым салынған заттар тәркіленген жағдайда түсушіні ғимараттан шығару туралы акт" жасайды. Түсуші ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Тестілеуге жіберу кезінде оқуға түсушілер ғимаратқа бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте жеке басын куәландыратын құжат негізінде оқуға түсушінің жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі, содан кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсаттаманы және рұқсаттама түбіртегін салыстырып тексеру жүргізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Қағаз және (немесе) электрондық форматтағы КТ-ге кіргізу барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда тестілеу әкімшісі бақылаушылармен бірлесе отырып, бөгде тұлғаның қатысуымен осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тестілеуге кіргізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды. Түсуші ағымдағы жылы қайта тестілеуге жіберілмейді.

Тестілеуге бөгде тұлғаны тартқан түсуші тестілеуге жіберілмейді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. КТ өткізілетін күні тестілеу әкімшісі отырғызу парағын басып шығарады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Түсушілер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырғызу парағындағы нөмірге сәйкес орын алады.

24. Қағаз форматтағы КТ өткізу кезінде тестілеу әкімшісі оқуға түсушілерді отырғызғаннан кейін оқуға түсушілерге тестілеу материалдарымен жұмыс істеу ережелерін түсіндіреді. Бұдан әрі тестілеу әкімшісі аудиториядан үш түсушінің қатысуымен тестілеу материалдары бар қораптарды ашуды ұйымдастырады. Шақырылған түсушілер қораптағы мөрдің бүтіндігін тексереді. Қорапты ашуды жүргізеді, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу материалдарын ашу актісін жасай отырып, онда бар тестілеу материалдарын қайта есептейді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Бірінші кезекте жауап парақтары мен жауап парақтарының көшірмелері таратылады.

26. Жауап парағының қызметтік секторлары толтырылған соң түсушілерге тест тапсырмалары бар сұрақ-кітапшалар таратылады.

Кітапшалар түсушілерге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нұсқаларды үлестіру парағына сәйкес таратылады.

27. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсушілер үшін КТ жауап парағы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келесі тәртіппен толтырылады:

1) 1-секторда баспа әріппен түсушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) жазылады;

2) 2-секторда жоғарғы торкөздерге көлденеңінен түсушінің рұқсаттамасында көрсетілген тестіленушінің жеке коды (бұдан әрі - ТЖК) жазылады. Әр санның астындағы торкөздегі сандарға сәйкес дөңгелекшелер боялады;

3) 3 және 4-секторларда тестілеу тапсыру кезінде түсушінің отырғызу орны және кітапшасының нұсқасы боялады;

4) 5-секторда түсуші КТ тапсыратын лек пен аудитория нөмірі қойылады. Лек нөмірі тестілеу болатын күн бойынша анықталады;

5) 6-секторда шет тілі бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады. 6-сектордың әр тапсырмасы берілген төрт жауап нұсқаларынан жалғыз дұрыс жауапты таңдауды қажет етеді. Таңдалған жауап сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгіленеді;

6) 7-секторда оқуға дайындығын анықтауға арналған тест тапсырмаларының жауаптары боялады. Әр тапсырмаға жауаптың бес нұсқасы беріледі, оның ішінде бір ғана жауап дұрыс болып табылады. Тек қана бір сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет;

7) 8-секторда бірінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауабы боялады. Бұл секторда әр тапсырмаға жауаптың бес нұсқасы берілген, оның ішінде бір ғана жауап дұрыс болып табылады. Тек қана бір сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет;

8) 9-секторда екінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауабы боялады. 9-сектордағы әр тапсырмаға сегіз жауап нұсқасы берілген, оның ішінде бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау қажет. Сәйкес дөңгелекшелерді толық бояу арқылы белгіленеді;

9) 10-сектор (жауап парағының нөмірі көрсетіледі) боялмайды;

10) "Назар аударыңыз" графасына ерекше назар аударамыз:

жауап парағы көк немесе қара сиялы қаламмен толтырылады;

жауап парағын булауға, жууға, жұлуға және түзетуші сұйықтықтарды пайдалануға, аудиториядан жауап парағын шығаруға, ұялы телефондарды пайдалануға жол берілмейді;

11) түсуші жауап парағының төменгі оң жақ бұрышындағы "Түсушінің қолы" деген 11-секторға қолын қояды.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсушілер үшін КТ жауап парағы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келесі тәртіппен толтырылады:

- 1) 1-секторда баспа әріппен түсушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) жазылады;
- 2) 2-секторда жоғарғы торкөздерге көлденеңінен түсушінің рұқсаттамасында көрсетілген ТЖК жазылады. Әр санның астындағы торкөздегі сандарға сәйкес дөңгелекшелер боялады;
- 3) 3 және 4-секторларда тестілеу тапсыру кезінде түсушінің отырғызу орны және кітапшасының нұсқасы боялады;
- 4) 5-секторда түсуші КТ тапсыратын лек пен аудитория нөмірі қойылады. Лек нөмірі тестілеу болатын күн бойынша анықталады;
- 5) 6-секторда оқуға дайындығын анықтауға арналған тест тапсырмаларының жауаптары боялады. Әр тапсырмаға жауаптың бес нұсқасы берілген, оның ішінде бір ғана жауап дұрыс болып табылады. Тек қана бір сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет;
- 6) 7-секторда бірінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауабы боялады. Бұл сектордағы әр тапсырмаға жауаптың бес нұсқасы берілген, оның ішінде бір ғана жауап дұрыс болып табылады. Тек қана бір сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет;
- 7) 8-секторда екінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауабы боялады . Бұл секторда әр тапсырмаға сегіз жауап нұсқасы берілген, оның ішінде бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау қажет. Сәйкес дөңгелекшелерді толық бояу арқылы белгіленеді;
- 8) 9-сектор (жауап парағының нөмірі көрсетіледі) боялмайды;
- 9) " Назар аударыңыз!";
жауап парағы көк немесе қара сиялы қаламмен толтырылады;
жауап парағын булауға, жууға, жұлуға және түзетуші сұйықтықтарды пайдалануға, аудиториядан жауап парағын шығаруға, ұялы телефондарды пайдалануға жол берілмейді;
- 10) түсуші жауап парағының төменгі оң жақ бұрышындағы "Түсушінің қолы" деген 10-секторға қолын қояды.

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер үшін жауап парағы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келесі тәртіппен толтырылады:

- 1) 1-секторда баспа әріппен түсушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) жазылады;
- 2) 2-секторда жоғарғы торкөздерге көлденеңінен түсушінің рұқсаттамасында көрсетілген ТЖК жазылады. Әр санның астындағы торкөздегі сандарға сәйкес дөңгелекшелер боялады;
- 3) 3 және 4-секторларда тестілеу тапсыру кезінде түсушінің отырғызу орны және кітапшасының нұсқасы боялады;
- 4) 5-секторда түсуші КТ тапсыратын лек пен аудитория нөмірі қойылады. Лек нөмірі тестілеу болатын күн бойынша анықталады;
- 5) 6-секторда шет тілі бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады. 6-сектордың әр тапсырмасы берілген төрт жауап нұсқаларынан жалғыз дұрыс жауапты таңдауды қажет етеді. Таңдалған жауап сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгіленеді;
- 6) 7-секторда оқуға дайындығын анықтауға арналған тест тапсырмаларының жауаптары боялады. Әр тапсырмаға жауаптың бес нұсқасы беріледі, оның ішінде бір ғана жауап дұрыс болып табылады. Тек қана бір сәйкес дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет;
- 7) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер үшін 8 және 9-секторлар боялмайды;
- 8) 10-сектор (жауап парағының нөмірі көрсетіледі) боялмайды;
- 9) "Назар аударыңыз" графасына ерекше назар аударамыз:
жауап парағы көк немесе қара сиялы қаламмен толтырылады;
жауап парағын булауға, жууға, жұлуға және түзетуші сұйықтықтарды пайдалануға, аудиториядан жауап парағын шығаруға, ұялы телефондарды пайдалануға жол берілмейді;
- 10) түсуші жауап парағының төменгі оң жақ бұрышындағы "Түсушінің қолы" деген 11-секторға қолын қояды.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-1. Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілерге арналған КТ жауап парағы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай тәртіппен толтырылады:

- 1) 1-секторда Т.А.Ә. (бар болса) баспа әріптерімен жазылады;
- 2) 2-секторда жоғарғы торларда көлденеңінен оқуға түсушінің рұқсаттамасында көрсетілген тестіленушінің жеке коды (бұдан әрі – ТЖК) толтырылады. Әр санның астында торларда белгіленген сандарға сәйкес дөңгелекшелер боялады;

3) 3 және 4-секторда тестілеу кезінде оқуға түсуші отыратын орын және оның кітапшасының нұсқасы дөңгелекшелермен боялады;

4) 5-секторда түсуші КТ тапсыратын лек және аудитория нөмірі қойылады. Лектің нөмірі тестілеу күні бойынша анықталады;

5) 6-секторды араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер боямайды;

6) 7-секторда оқуға дайындығын анықтауға арналған тест тапсырмаларының жауаптары боялады. Әрбір тапсырманың бес нұсқасы бар, олардың біреуі ғана дұрыс. Толық бояу арқылы тек бір сәйкес дөңгелекшені белгілеу қажет;

7) 8-секторда бірінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады. Бұл секторда әрбір тапсырманың бес нұсқасы бар, олардың біреуі ғана дұрыс. Толық бояу арқылы тек бір сәйкес дөңгелекшені белгілеу қажет;

8) 9-секторда екінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауаптары боялады. 9-секторда әрбір тапсырманың сегіз нұсқасы бар, олардың ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау қажет. Толық бояу арқылы тек тиісті үйірмелерді белгілеу қажет;

9) 10-сектор (жауап парағының нөмірін көрсетеді) боялмайды;

10) "Назар аударыңыз" бағанасына ерекше назар аударылады:

жауап парағы көк немесе қара сиялы қаламмен толтырылады;

жауап парағын ластауға, умаждауға, жұлуға және түзетуші сұйықтықтарды пайдалануға, аудиториядан жауап парағын шығаруға, ұялы телефондарды пайдалануға жол берілмейді;

11) түсуші жауап парағының төменгі оң жақ бұрышына "Түсушінің қолы" деген 11-секторға қол қояды.

Ескерту. 29-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Жауап парағының дөңгелекшелері шеңберінен шығарылмай толық боялуы тиіс.

Жауап парағының жоғары оң жақ бұрышында дөңгелекшені дұрыс толтыру үлгісі берілген.

31. Жауап парағы секторларының және дөңгелекшелерінің дұрыс толтырылуын түсуші өзі қамтамасыз етеді.

32. Жауап парағы бір данада беріледі, жауап парағы ауыстырылмайды және түсушінің КТ нәтижесін растайтын жалғыз құжат болып табылады.

33. Түсуші кітапшадағы нұсқа нөмірін жауап парағына (4-сектор) көшіріп жазады және кітапшаның мұқабасын толтырады.

34. Түсушілер жауап парақтарының қызметтік секторларын және кітапшаның мұқабасын толтырған соң тақтада КТ-ның басталу және аяқталу уақыты жазылады.

Түсушілерді аудиторияға кіргізу КТ-ның басталғандығы хабарланған сәтте тоқтатылады.

35. КТ жүргізу кезінде түсушіге жол берілмейді:

1) дәліз бойынша кезекшінің қызметін атқаратын тестілеу әкімшісінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға;

2) сөйлесуге;

3) орнынан орын ауыстыруға;

4) тестілеу материалдарымен алмасуға;

5) аудиториядан тестілеу материалдарын шығаруға;

6) аудиториядан 2 реттен артық шығуға;

7) аудиторияға шпаргалкаларды, оқу-әдістемелік әдебиеттерін, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рацияларды, ноутбуктерді, плейерлерді, модемдерді (мобильді роутерлер), смарт сағаттарды, сымды және сымсыз құлаққаптарды, сымсыз бейнекамераларын, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларын, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерін, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кіруіне және қолдануына;

8) тестілеу материалдарын (жауап парақтарын және кітапшаларын) сыпыру, түзетуші сұйықтықты пайдалану, беттерді үзу арқылы бұзуды жүзеге асыруға;

9) бұл үшін қарастырылмаған секторларды бояуға (жауап парағының нөмірі).

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесі бойынша қағаз және (немесе) электрондық форматтағы КТ кезінде түсушіде осы Қағидалардың 35 және 47-11 тармақтарында көрсетілген заттар табылған, сондай-ақ түсуші осы Қағидалардың 35 және 47-11 тармақтарын бұзған жағдайда тестілеу әкімшісі бақылаушылармен бірге түсушінің қатысуымен осы Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Аудиторияда тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару және (немесе) әрекеттері немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасағаны туралы акт туралы акт" толтырады. Түсуші аудиториядан шығарылады. Оқуға түсуші ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.

КТ нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Қағаз және (немесе) электрондық форматтағы КТ-ны өткізу барысында бөгде тұлға анықталған жағдайда, тестілеу әкімшісі бақылаушылармен бірлесіп, бөгде тұлғаның қатысуымен осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тестілеу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды. Бөгде тұлғалар аудиториядан шығарылады. КТ нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады. Түсуші ағымдағы жылы қайта тестілеуге жіберілмейді.

Тестілеуге бөгде тұлғаны тартқан адамдар тестілеуге жіберілмейді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Қағаз форматтағы КТ уақыты аяқталған соң түсуші тестілеу материалдарын өткізуден бас тартқан жағдайда, тестілеу әкімшісі бақылаушылармен бірлесе отырып, түсушінің қатысуымен осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тестілеу уақыты аяқталған соң түсушінің тестілеу материалдарын уақытылы тапсырмау фактісі туралы акт толтырады. КТ нәтижелері өңделмейді және жойылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. КТ аяқталуына қарай немесе КТ уақыты аяқталғанда түсуші өзінің орнынан жауап парағы мен кітапшаны Министрлік өкіліне тапсырады.

40. Жауап парағы мен кітапшаны қабылдау барысында тестілеу әкімшісі жауап парағындағы барлық қызметтік секторлардың және кітапша мұқабасының толтырылуын тексергеннен кейін түсуші аудиториядан шығады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Тестілеу әкімшісі тестілеу материалдарын қорапқа салады және бес түсушінің алып жүруімен тестілеу материалдарын КТ нәтижелері өңделетін кабинетке жеткізеді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. КТ тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асырылады:

1) бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда бір балл беріледі, басқа жағдайда нөл балл беріледі;

2) бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында: барлық дұрыс жауапты таңдағанда екі балл беріледі, жіберілген бір қате үшін - бір балл, жіберілген екі және одан да көп қате үшін - нөл балл беріледі;

43. Жауап парақтарын сканерленуді тестілеу әкімшісі екі рет жүргізеді.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Жауап парақтарын электрондық пошта арқылы сканерден өткізгеннен кейін АКТБ-ға дұрыс жауаптар коды бар файл жіберіледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. КТ нәтижелері тестілеу өткізу күні хабарланады және ақпараттық стендте ілінеді, сондай-ақ тестілеу нәтижелерімен www.testcenter.kz сайтында танысуға болады.

47. КТ аяқталғаннан кейін және апелляция рәсімі өткізілген соң қолданылған және қолданылмаған кітапшалар осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "КТ кітапшаларын жою туралы акт" жасала отырып жойылады.

2-1-параграф. Электрондық форматта КТ өткізу

Ескерту. 2-1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 2-1-параграфпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-1. Электрондық форматтағы КТ-ға кіру кезінде ғимаратқа түсушілер бір-бірден кіргізіледі, бұл ретте кіргізу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттың немесе төлқұжат негізінде тұлғаның жеке басы бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканерленуі арқылы сәйкестендіру жүргізіледі.

Ескерту. 47-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-2. Түсушінің жеке басын сәйкестендіру жүргізілген соң сканердің экранында аудитория нөмірі мен отырғызу орны көрсетіледі.

Өз кезегінде, түсуші сканерде көрсетілген орынға отырады.

Отырған соң түсуші осы Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырғызу парағына қол қояды, "Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)" және "Компьютер нөмірі" бағанын қолмен толтырады.

Ескерту. 47-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-3. Тестілеу басталғанға дейін тестілеу әкімшісі түсушіге тестілеу ережелері бойынша нұсқаулық өткізеді.

Ең алдымен тестілеуді бастау үшін түсушіге:

- 1) логин көрсету;
- 2) құпия сөз көрсету;
- 3) адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялау;
- 4) тестілеуді өткізу ережелерімен танысу;
- 5) деректерінің дұрыстығын растау;
- 6) "Кіру" батырмасын басқаннан кейін тестілеуге өту қажет.

Түсуші тестілеу жүйесіне әрбір кіру және шығу кезінде, компьютерде орнатылған фронтальды камера арқылы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялаудан өтеді.

Тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауы болған жағдайда түсуші тестілеу администраторына хабарлау қажет. Тестілеу администраторы бақылаушылармен бірлесіп, осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауын анықтау актісін жасайды.

КТ өткізу пунктінде электр қуаты ажыратылған жағдайда немесе тестілеу жазбасы жүргізілмейтін басқа да форс-мажорлық жағдайларда, Ұлттық тестілеу орталығының келісімен тестілеу администраторы мен өңірлік мемлекеттік комиссия осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт жасай отырып, тестілеу процесін тоқтатады (күшін жояды) және басқа күнге ауыстырады.

Тестілеу процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт тестілеу администраторымен және өңірлік мемлекеттік комиссиямен бірлесіп жасалады.

Электр қуаты ажыратылған жағдайда, түсушінің жұмыс орнында тестілеу процесі туралы деректер (тест тапсырмаларына бұрын белгіленген жауаптары, тестілеудің пайдаланылған уақытының саны) сақталады.

Тестілеуді одан әрі жалғастырған кезде тестіленуші тестілеу процесі үзілген жерден тестілеу процесін жалғастырады.

Тестілеуді басқа күнге ауыстырған жағдайда тестіленушінің тестілеу тоқтатылғанға дейінгі тест тапсымаларына берілген жауаптары сақталмайды.

Ескерту. 47-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-4. Электрондық тестілеу оқуға түсушіге тестілеу кезінде келесі сұрақтарға өтуге, жауап нұсқаларын өзгертуге мүмкіндік береді.

Ескерту. 47-4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-5. Тест тапсырмаларын шешу бойынша жұмысты орындау үшін әрбір тестіленушіге А4 форматындағы қағаз беріледі, олар тестілеу аяқталғаннан және апелляцияға өтініш бергеннен кейін тестілеу әкімшісіне беріледі.

Тестілеу аяқталғаннан кейін, түсуші оны "Тестілеуді аяқтау" батырмасын басу арқылы растайды.

Ескерту. 47-5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-6. Тестілеу қорытындысы бойынша компьютер экранында оның жауап нұсқасы мен дұрыс жауаптар коды көрсетілген түсушінің тестілеу нәтижелерін талдау картасы, сондай-ақ әрбір сұрақ бойынша жиналған балл және блоктар бойынша жиналған баллдардың сомасы мен КТ жалпы балы көрсетіледі .

47-7. Одан әрі компьютер экранында " апелляцияға өту" және "апелляциясыз аяқтау " функциялары көрсетіледі . "Апелляцияға көшу" функциясын таңдаған жағдайда, түсуші апелляцияға беру үшін дәлелді негіздемемен сұрақтарға көшеді .

47-8. Апелляцияға берілген сұрақтармен жұмыс аяқталғаннан кейін түсуші "апелляцияны Аяқтау" батырмасын басады және экранда апелляцияға берілген мәселелер бойынша қабылданған өтінішті талдау картасы көрсетіледі .

47-9. "Апелляциясыз аяқтау" функциясын таңдаған кезде түсуші компьютер сыныбынан кетеді.

47-10. Оқуға түсушілер білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын КТ өткізуге жауапты ұйым ұсынған бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен тестілеуден өтеді.

47-11. КТ жүргізу кезінде түсушіге рұқсат етілмейді:

1) дәліз бойынша кезекшінің функцияларын орындайтын тестілеу әкімшісінің рұқсатынсыз және ертіп жүруінсіз аудиториядан (компьютерлік кластан) шығу;

2) сөйлесуге, орнынан орынға ауысуға;

3) аудиториядан 2 реттен артық шығуға;

4) құжаттармен, кез-келген тыйым салынған заттармен және түсушіге тест тапсырмаларын шешу бойынша жұмысты орындау үшін берілген А4 форматындағы қағазбен алмасуға;

5) құжаттарды және тест тапсырмаларын шешу бойынша жұмысты орындау үшін берілген А4 форматындағы қағазды аудиториядан (компьютерлік класстан) шығаруға, сондай-ақ оларды ұсақтап жыртуға;

6) Тест тапсырмаларын шешу бойынша жұмысты орындау үшін берілген А4 форматындағы қағазды өзімен бірге алып кетуге;

7) аудиторияға шпаргалкаларды, оқу-әдістемелік әдебиеттерін, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рацияларды, ноутбуктерді, плейерлерді, модемдерді (мобильді роутерлер), смарт сағаттарды, сымды және сымсыз құлаққаптарды, сымсыз бейнекамераларын, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларын, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерін, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кіруіне және қолдануына;

8) тестілеу тапсырмаларының мазмұнын талқылауға және жария етуге;

9) тестілеуге пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге рұқсат етілмейді.

Бұл ретте тестілеу өткізілетін компьютердің интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі.

Ескерту. 47-11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-12. Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-13. Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-14. 36, 37 және 38-тармақтарда көрсетілген тұлғалардың тестілеу нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады.

КТ тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау осы Қағидалардың 42-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Тестілеу аяқталғаннан кейін түсушілер тестілеу нәтижелерімен тестілеу интерфейсінң экранында және жеке кабинеттерінде танысады.

Ескерту. 47-14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Электрондық форматтағы КТ кезінде апелляцияға өтініш беру және қарау

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. КТ өткізу кезінде бірыңғай талаптарды сақтау және түсушілердің даулы мәселелерін шешу мақсатында Республикалық апелляциялық комиссия және КТӨП апелляциялық комиссиясы құрылады.

49. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын, КТӨП-де құрылатын апелляциялық комиссиялар төрағаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

50. КТӨП-де құрылатын апелляциялық комиссияның құрамын КТӨП қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

51. Апелляциялық комиссияның құрамы КТ пәндері бойынша КТӨП және желілік ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылар құрамынан қалыптасады. КТ кезінде бір тестілеу пәні бойынша оқытушылар саны екеуден кем болмайды.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. КТӨП-дағы апелляциялық комиссия түсушілерден тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептер бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарастырады.

КТӨП-дағы апелляциялық комиссия шет тілдері және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша өтініштерді қарастырады.

53. Түсуші тест тапсырмаларының мазмұны немесе техникалық себептер бойынша тестілеу нәтижесімен келіспеген жағдайда, осы Қағидаларға 14, 15, 16, 17-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша апелляциялық комиссия төрағасының атына өтініш береді. Түсушінің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты, тестілеуге рұқсаттамасы болуы керек. Апелляциялық комиссия түсушінің әрқайсысымен жеке жұмыс жасайды.

54. Апелляция мынадай жағдайларда қарастырылады:

тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмесе (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);

2) дұрыс жауап болмаса;

3) берілген барлық жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларында бірден көп дұрыс жауап болса (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

4) тест тапсырмасы дұрыс құрылмаса;

5) тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) болмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда;

техникалық себеп бойынша:

1) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер екі және одан көп дөңгелекше ретінде оқыса;

2) дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келетін боялған дөңгелекшені сканер бос дөңгелекше ретінде оқыса;

3) жауап парағында ақау болғанда.

Апелляция өтініштері КТ нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия (республикалық апелляциялық комиссия) күнтізбелік бір күн ішінде қарастырады. Түсуші апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қарастырылмайды.

Тестілеу нәтижелері бойынша апелляция өтініштерінің барлығы осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апелляцияға арналған өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.

55. Апелляцияға арналған өтініште көрсетілген нақты фактілер қарастырылуға жатады. Апелляция кезінде апелляциялық комиссияға түсуші көрсеткен пәнді және нұсқаны ауыстыруға рұқсат етілмейді.

Барлық тест тапсырмаларын қайта қарастыру бойынша апелляцияға арналған өтініште әрбір тест тапсырмасы бойынша дәлелді негіздемені көрсетпей (толық түсіндірме, тапсырманың толық шешімі) берілсе, қарастыруға жатпайды.

Түсуші балл алған тест тапсырмасына апелляцияға өтініш берген жағдайда, сәйкесінше оған балл қосылмайды.

Өтініштер бойынша шешім апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылған осы Қағидаларға 19, 20-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша КТ апелляциялық комиссиясы отырысының хаттамасымен ресімделеді.

56. КТӨП-дағы апелляциялық комиссия өтінішті оң шешкен жағдайда, өтініш Республикалық апелляциялық комиссияның қарауына жіберіледі.

57. Түсуші КТӨП-дағы апелляциялық комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, Республикалық апелляциялық комиссияға өтініш береді.

58. Апелляциялық комиссия төрағасы апелляцияға берілген барлық өтініштер бойынша осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштер тізілімін (тест тапсырмаларының мазмұны/техникалық себептер бойынша) толтырады.

КТӨП-дағы апелляциялық комиссияның оң шешімін алған өтініштер бойынша Республикалық апелляциялық комиссияның қарауына жіберген өтініштер бойынша осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштер тізілімі қалыптастырылады. Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша өтініштер қарастыру үшін Республикалық апелляциялық комиссияның қарауына жіберіледі.

59. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссияның оң шешімі туралы ұсыныстардың негізділігін қарастырып, шешім шығарады.

Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарастыруға жатпайды.

Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылған осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

КТӨП-дағы апелляциялық комиссия түсушіге апелляция қорытындысы туралы хабарлайды.

3-параграф. Компьютерлік форматтағы КТ кезінде апелляцияға өтініш беру және қарау

Ескерту. 3-1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 3-1-параграфпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59-1. Бірыңғай өлшемшарттардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу, тестілеуді өткізу кезеңінде түсушілердің құқықтарын қорғау мақсатында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады.

Ескерту. 59-1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59-2. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын, апелляциялық комиссияның төрағасын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

59-3. Республикалық апелляциялық комиссияның құрамы КТ пәндері бойынша ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылар құрамынан құрылады. КТ кезінде тестілеудің бір пәні бойынша оқытушылар саны екеуден кем болмайды.

Ескерту. 59-3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59-4. Мазмұны бойынша апелляцияға өтінішті тестілеуге қатысқан адам тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде береді.

Апелляцияға өтініштер тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша қаралады.

Апелляцияға түскен өтініштерді Республикалық апелляциялық комиссия тестілеу өткізілген күннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейінгі аралықта қарайды.

Онлайн апелляция нәтижелері Республикалық апелляциялық комиссия қарағаннан кейін түсушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.

Ескерту. 59-4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59-5. Апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмейді (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);

2) дұрыс жауап жоқ;

3) барлық ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларында бір бірден артық дұрыс жауап бар(дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі));

4) тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған;

5) тест тапсырмаларының (мәтін, схемалар, суреттер, кестелер) шарттарының үзіндісі жоқ, нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін емес.

техникалық себептер бойынша:

1) тест тапсырмаларында фрагменттің немесе мәтіннің болмауы.

59-6. Апелляцияға берілген өтініште баяндалған нақты фактілер қарауға жатады.

Тест тапсырмаларын қайта қарау үшін мазмұны бойынша өтініш берген кезде түсуші дәлелді негіздемені (толық түсініктеме) көрсетеді.

Дәлелді негіздеме (толық түсініктеме, тапсырмаларды қадамдық шешу) көрсетілмеген барлық тест тапсырмаларын қайта қарау жөніндегі апелляцияға өтініш қарауға жатпайды.

Техникалық себептер бойынша апелляцияға өтініш беру үшін тестілеу кезінде осы Қағидалардың 16-1, 17-1-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша аудитория кезекшісінің қатысуымен акт жасалады. Акт Республикалық апелляциялық комиссияға беріледі.

Ескерту. 59-6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59-7. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі осы Қағидалардың 23-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған комиссияның төрағасы және барлық мүшелері қол қояды. Республикалық апелляциялық комиссия отырыстарының хаттамалары тестілеуді өткізуге жауапты ұйымда бір жыл бойы сақталады.

Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Онлайн апелляция нәтижелері бойынша түсушінің жеке кабинетінде апелляцияны есепке ала отырып КТ нәтижелері көрсетіледі.

Ескерту. 59-7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-Параграф. КС электрондық сертификатын беру

Ескерту. 4-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 185 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. КТ-ның электрондық сертификаты тестілеу аяқталғаннан кейін және (немесе) апелляцияға шағым қаралғаннан кейін (апелляция жағдайында) жеке кабинетінде және Ұлттық тестілеу орталығының сайтында көрінетін болады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Электрондық сертификат Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

Күнтізбелік жылғы 20 шілдеден 10 тамызға дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады.

Күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 601 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Электрондық сертификатта әрбір блок бойынша алынған КТ балдары бойынша деректер бар.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кешенді тестілеуді
өткізу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жеке мәліметтер
Т.А.Ә.
ЖСН
Жеке куәліктің нөмірі
Туған жылы
Азаматтығы
Ұлты
Жынысы
E-mail
Ұялы телефон нөмірі
ЖОО аяқтаған жылы
Тестілеу туралы ақпарат
Жоғары білім мамандығының атауы және шифры
Дайындық бағыты: ғылыми-педагогикалық/ бейінді
Білім беру бағдарламаларының тобы
Тестілеуді тапсыру тілі
Шет тілі
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті тапсыру тілі
Араб тілін білуді/ шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша магистратура
Жалпыеуропалық құзыреттерге (стандарттарға) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың атауы және нөмірі (бар болған жағдайда)
Жалпыеуропалық құзыреттерге (стандарттарға) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының балы (бар болған жағдайда)
Мүгедектік туралы мәліметтер

Желілік ЖЖОКБҰ _____

(код)

(атауы)

Желілік ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясының техникалық хатшысы

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Өтінішпен танысып, өзім көрсеткен мәліметтердің дұрыс жазылғанын растаймын

Өтініш беруші _____

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Кешенді тестілеуді
өткізу қағидаларына
2-қосымша

Кешенді тестілеу бейінді пәндері көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.12.2021 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Білім беру бағдарламасы тобының атауы	Бейінді пәндер	
		1 бейінді пән	2 бейінді пән
M001	Педагогика және психология	Педагогика	Психология
M002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Мектепке дейінгі педагогика	Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту әдістемесі
M003	Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау	Педагогика (бастауыш сыныптар үшін)	Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі
M004	Бастапқы әскери дайындық педагогтерін даярлау	Педагогика	Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі
M005	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	Педагогика	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі
M006	Музыка педагогтерін даярлау	Педагогика	Музыка пәнін оқыту әдістемесі
M007	Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтерін даярлау	Педагогика	Көркем еңбек, графика және жобалауды оқыту әдістемесі
M008	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау	Педагогика	Кәсіптік оқытудың заманауи технологиялары
M009	Құқық және экономика негіздері	Мемлекет және құқық теориясы негіздері	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі
M010	Математика педагогтерін даярлау	Математика	Математиканы оқыту әдістемесі
M011	Физика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Жалпы физика	Физиканы оқыту әдістемесі
M012	Информатика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Бағдарламалау	Информатиканы оқыту әдістемесі
M013	Химия педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Химия	Химияны оқыту әдістемесі
M014	Биология педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Биология	Биологияны оқыту әдістемесі

M015	География педагогтерін даярлау	География	Географияны оқыту әдістемесі
M016	Тарих педагогтерін даярлау	Қазақстан тарихы	Тарихты оқыту әдістемесі
M017	Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	Педагогика	Қазақ тілін оқыту әдістемесі
M018	Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	Педагогика	Орыс тілін оқыту әдістемесі
M019	Шет тілдері педагогтерін даярлау	Педагогика (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Кәсіби бағытталған шет тілі (ағылшын, француз, неміс тілдері)
M020	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша кадрларын даярлау	Әлеуметтік педагогика	Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі
M021	Арнайы педагогика	Арнайы педагогика	Инклюзивті білім беру
M022	Музыкатану	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M023	Аспаптық орындаушылық	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M024	Вокалдық өнер	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M025	Дәстүрлі музыка өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M026	Композиция	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M027	Дирижирлеу	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M028	Режиссура	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M029	Театр өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M030	Эстрада өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M031	Хореография	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M032	Аудиовизуалды өнер және медиа өндіріс	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M033	Бейнелеу өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M034	Өнертану	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M035	Сән, дизайн	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M036	Полиграфия	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M037	Арт-менеджмент	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M050	Философия және әдеп	Қазақ философиясы	Әлеуметтік философия
M051	Дінтану және теология	Діндер тарихы	Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар және культтер
M052	Исламтану	Діндер тарихы	Қазақстандағы қазіргі діни жағдай
M053	Тарих	Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы	Археология негіздері

M054	Түркітану	Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы	Түркі халықтарының жалпы тарихы
M055	Шығыстану	Классикалық және қазіргі шығыстану	Шығыс елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы
M056	Аударма ісі, ілеспе аударма	Аударма теориясы (ағылшын, орыс, қазақ, корей, қытай, жапон тілдері)	Кәсіби-бағытталған шет тілі (ағылшын)
M057	Лингвистика	Жалпы тіл білімі	Лингвистика ілімінің тарихы
M058	Әдебиет	Фольклор	Әдебиет теориясы
M059	Шетел филологиясы	Тіл теориясының негіздері (ағылшын, неміс, француз, корей, қытай, жапон тілдері)	Кәсіби-бағытталған шет тілі (ағылшын, неміс, француз тілдері)
M060	Филология	Қазіргі қазақ тілі	Қазіргі қазақ әдебиеті
M061	Әлеуметтану	Әлеуметтану тарихы	Әлеуметтанулық зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру
M062	Мәдениеттану	Қазақ мәдениетінің тарихы	Мәдени антропология
M063	Саясаттану және конфликтология	Саясат теориясы	Қолданбалы саясаттану
M064	Халықаралық қатынастар	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты	Дипломатиялық және консулдық қызмет
M065	Аймақтану	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтардың қазіргі мәселелері
M066	Психология	Жалпы психология	Даму психологиясы
M067	Журналистика және репортерлық іс	Қазақ журналистикасының тарихы	Қазіргі журналистиканың жанрлық түрі мен қызметі
M068	Қоғаммен байланыс	PR теориясы мен тәжірибесі	Имиджелогия
M069	Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және архив ісі	Құжаттану	Археография
M070	Экономика	Кәсіпорын экономикасы	Макроэкономика
M071	Мемлекеттік және жергілікті басқару	Мемлекеттік басқару теориясы	Экономиканы мемлекеттік реттеу
M072	Менеджмент	Менеджмент	Бизнесі ұйымдастыру
M073	Аудит және салық салу	Бухгалтерлік есеп негіздері	Аудит
M074	Қаржы, банктік және сақтандыру ісі	Қаржы негіздері	Корпоративтік қаржы
M075	Маркетинг және жарнама	Маркетинг	Маркетингтік зерттеулер

M076	Еңбек дағдылары	Экономикалық теория	Макроэкономика
M077	Бағалау	Экономика және жылжымайтын мүлікті басқару	Қазақстан Республикасының Ұлттық бағалау стандарттары
M078	Құқық	Мемлекет және құқық теориясы	Ситуациялық кейс (Қазақстан Республикасының заңдарын және / немесе халықаралық құқықты қолдану негізінде нақты практикалық жағдайды кешенді құқықтық талдау)
M079	Сот сараптамасы	Криминалистика	Сот экспертологиясы
M080	Биология	Клетка биологиясы	Ботаника
M081	Генетика	Клетка биологиясы	Молекулалық генетика негізімен жалпы генетика
M082	Биотехнология	Биохимия	Биотехнология негіздері
M083	Геоботаника	Қазақстан биоресурстары	Ботаника
M084	География	Қазақстанның физикалық географиясы	Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы
M085	Гидрология	Гидрология негіздері	Гидрологиялық ақпаратты статистикалық өңдеудің заманауи әдістері
M086	Метеорология	Физикалық метеорология	Климатология
M087	Қоршаған ортаны қорғау технологиясы	Геоэкология	Экологиялық мониторинг
M088	Гидрогеология және инженерлік геология	Жер асты суларын іздеу және барлау	Инженерлік-геологиялық зерттеулер
M089	Химия	Физикалық химия	Аналитикалық химия
M090	Физика	Механика	Молекулалық физика
M091	Сейсмология	Сейсмологияның физикалық негіздері	Сейсмикалық жазбалар бойынша жер сілкірудің параметрлерін анықтау
M092	Математика және статистика	Математикалық талдау	Дифференциалдық теңдеулер
M093	Механика	Теориялық механика	Тұтас орта механикасына кіріспе
M094	Ақпараттық технологиялар	Алгоритмдер және деректер құрылымы	Деректер базасы
M095	Ақпараттық қауіпсіздік	Алгоритмдік бағдарламалау тілдері	Ақпараттық қауіпсіздік негіздері

M096	Коммуникация және коммуникациялық технологиялар	Электрлік байланыс теориясы	Радиотехника және телекоммуникация негіздері
M097	Химиялық инженерия және процесстер	Бейорганикалық химия	Жалпы химиялық технология
M098	Жылу энергетикасы	Жылу техникасының теориялық негіздері	Қазандық қондырғылар және жылулық қозғалтқыштар
M099	Энергетика және электр техникасы	Электр техниканың теориялық негіздері	Электр машиналары
M100	Автоматтандыру және басқару	Электртехниканың теориялық негіздері	Сызықты автоматты реттеу жүйелері
M101	Материалтану және жаңа материалдар технологиясы	Механика	Молекулалық физика
M102	Роботты техника және мехатроника	Электроника негіздері	Интегралдық және микропроцессорлық схемотехника
M103	Механика және металл өңдеу	Өзара алмасымдылық негіздері	Машина бөлшектері
M104	Көлік, көліктік техника және технология	Көлік техникасын техникалық пайдалану негіздері	Көлік техникасының энергетикалық қондырғылары
M105	Авиациялық техника және технологиялар	Ұшу аппараттарының құрылысы	Авиациялық техниканың теориялық негіздері
M106	Ұшатын аппараттар мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану	Ұшу аппараттарының құрылысы	Авиациялық апаттарды тергеу және ұшу қауіпсіздігі
M107	Ғарыштық инженерия	Физика	Математика
M108	Наноматериалдар және нанотехнологиялар (қолдану саласы бойынша)	Механика	Нанотехнология негіздері
M109	Мұнай және кен геофизикасы	Далалық және ұңғымаларды геофизикалық зерттеудің теориялық негіздеріне кіріспе	Далалық және ұңғымаларды геофизикалық зерттеулерді өңдеу мен интерпретациялауды жүргізудің әдісі, техникасы мен технологиясы
M110	Теңіз техникасы және технологиялары	Кемелердегі қызметті ұйымдастыру негіздері	Кеме құрылымы мен теориясы
M210	Магистральды желілер және инфрақұрылым	Құрылыс материалдары	Көлік құрылымдарының құрылысын ұйымдастыру және жоспарлау
M310	Көліктік имараттар	Құрылыс материалдары	Көлік құрылымдарының құрылысын ұйымдастыру және жоспарлау

M111	Тамақ өнімдерін өндіру	Тамақ өндірісінің жалпы технологиясы	Химия
M112	Ағаш өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар технологиясы (қолдану саласы бойынша)	Ағаш өңдейтін жабдықтар	Ағаштан бұйым жасау технологиясы
M113	Материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы	Физика	Материалдардың механикалық қасиеттері
M114	Тоқыма: киім, аяқ-киім және былғары бұйымдар	Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының материалтануы	Химия
M115	Мұнай инженериясы	Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау	Мұнай өндірудің технологиясы мен техникасы
M116	Тау-кен инженериясы	Тау-кен өндірісінің негіздері	Тау-кен кәсіпорындарының құрылысы
M117	Металлургиялық инженерия	Металлургиялық процесстерінің теориясы	Жалпы металлургия
M118	Пайдалы қазбалар байыту	Пайдалы қазбаларды байыту негіздері	Флотациялық байыту әдістері
M119	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	Дәрілердің өнеркәсіптік технологиясы	Синтетикалық дәрілік заттардың химиясы және технологиясы
M120	Маркшейдерлік іс	Геодезия	Маркшейдерлік істің жалпы курсы
M121	Геология	Жалпы және тарихи геология	Пайдалы қазба кен орындарының геологиясы
M122	Сәулет	Сәулеттік типология	Қала құрылыс негіздері
M123	Геодезия	Геодезия	Картография
M124	Құрылыс	Құрылыс материалдары	Құрылыс өндірісінің технологиясы 1
M125	Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі	Құрылыс материалдары	Бетон технологиясы 1
M126	Көлік құрылысы	Құрылыс материалдары	Көлік құрылымдарының құрылысын ұйымдастыру және жоспарлау
M127	Инженерлік жүйелер мен желілер	Құрылыс материалдары	Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы
M128	Жерге орналастыру	Геодезия	Жер ресурстарын басқару
M129	Гидротехникалық құрылыс	Гидравлика	Гидротехникалық құрылымдар


M130	Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)	Квалиметрия	Сынаудан өткізу, өнім қауіпсіздігі мен бақылау
M131	Өсімдік шаруашылығы	Өсімдік шаруашылығы	Топырақтану
M132	Мал шаруашылығы	Мал азықтандыру	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
M133	Орман шаруашылығы	Орман екпелері	Биотехния және жабайы жануарларды өсіру
M134	Балық шаруашылығы	Балық аулау	Аквакультура
M135	Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету	Электр техниканың теориялық негіздері	Электр машиналары
M136	Аграрлық техника және технологиясы	Ауылшаруашылық машиналары	Мал шаруашылығын механикаландыру және автоматтандыру машиналары
M137	Су ресурстары және суды пайдалану	Гидравлика	Су ресурстарын кешенді пайдалану
M138	Ветеринария	Жануарлар патологиясы	Індеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары
M139	Денсаулық сақтауды менеджмент	Экономикалық теория негіздері	Менеджмент негіздері
M140	Қоғамдық денсаулық	Биостатистика	Қоғамдық денсаулық
M141	Мейіргер ісі	Мейіргер ісі негіздері	Мейіргер ісіндегі менеджмент
M142	Фармация	Фармацияның басқарылуы және экономикасы және дәрілер технологиясы	Фармацевтикалық химия және фармакогнозия
M143	Биомедицина	Биостатистика	Дәлелді медицина
M144	Медицина	Биостатистика	Дәлелді медицина
M145	Медициналық-профилактикалық іс	Биостатистика	Гигиена және эпидемиология
M146	Әлеуметтік жұмыс	Әлеуметтік жұмыс теориясы	Әлеуметтік жұмыс әдістері мен технологиялары
M147	Туризм	Туризмология негіздері	Экскурсиятану
M148	Тынығу	Мәдени-тынығу қызметіндегі әдістемелік жетекшілік технологиясы	Мәдени-тынығу қызметі саласындағы менеджмент , маркетинг
M149	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі	Мейрамхана және мейманханада қызмет көрсету технологиясы	Мейманхана және мейрамхана менеджменті

M150	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	Өнеркәсіптік қауіпсіздікті техникалық реттеу	Еңбек қорғауды басқару жүйелері
M151	Көлік қызметтері	Көлік түрлерінің өзара қарым-қатынасы	Тасмалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару
M152	Логистика (сала бойынша)	Жеткізу тізбектерін басқару	Көлік логистикасы Жүктеу
M153	Археология және этнология	Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы	Археология негіздері

Кешенді тестілеуді
өткізу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

КТӨП атауы	
<p>РҰҚСАТТАМА</p>	<p>ТЖК:</p> <p>Тегі:</p> <p>Аты:</p> <p>Әжесінің аты:</p>
